

**Шымкент қаласы деңсаулық сақтау басқармасының шаруашылық
жүргізу құқығындағы «Қалалық перзентханасы» коммуналдық
кәсіпорнының сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу
бойынша талдамалық анықтамасы**

Шымкент қаласы

«22 » 05 2024 жыл

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18-қарашадағы №410-V «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес және Қалалық перзентхана Бас дәрігерінің у.м.а. сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы 11.04.2024 жылғы №94-н/к бұйрығына сәйкес мекеме қызметінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

1.Жұмыс тобының жетекшісі:

Ә.Зұлпықаров – комплаенс-офицер;

2.Жұмыс тобының мүшелері:

Д.Тюребаева - дәрігер эксперт;

Ж.Рахымбердіқызы – зангер;

Г.Туганбаева – бас мейірбикенің у.а.м.;

Қ.Қозыбаев – жоспарлау және экономикалық бөлімінің басшысы;

3.Ішкі талдау жүргізу мерзімі:

18.04.2024-17.05.2024 жыл аралығы

4.Ішкі талдау қамтылған кезең:

01.06.2023 – 31.03.2024 жыл аралығы

5.Ішкі талдау жүргізу барысында шектеу немесе кедергі жасау:

Мекеме басшылығы мен қызметкерлері тараپынан ішкі талдау жүргізу кезінде кедергі жасау немесе шектеу болған жоқ

6.Ішкі талдаудың бағыттары:

- Үйым қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- Үйымның үйимдастыру-басқару қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

Талдамалық анықтама:

1.Үйим қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

1. Перзентхана өзінің қызметін жүзеге асырған кезде мына нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексі;
- «Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі №272 бүйрығы (2019 жылғы 27 қыркүйектегі өзгерістермен және толықтырулармен
- «Стационарлық көмек көрсету қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі №761 бүйрығы (2020 жылғы 03 шілдедегі өзгерістермен және толықтырулармен).
- «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңы. - «Мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бүйрығы.

Талдау барысында кесіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін реттейтін Жарғы мен ішкі нормативтік құжаттар зерттелді. Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен ережелер талдау нәтижелері бойынша анықталған жоқ.

2. Үйымның үйимдастыру-басқару қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

1. Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы бағыттары бойынша:

Зерделеу бойынша 01.06.2023 – 31.03.2024 жыл аралығында перзентханага 64 қызметкерлер **жұмысқа қабылданған**:

соның ішінде дәрігерлер саны – 11;
орта буын қызметкерлер саны- 26;
тазалықшылар саны – 20;
басқа жұмысқа қабылданғандар саны -7.

Қалалық перзентханага бос жұмыс орнына қабылдау төмендегі көрсетілген ерекшеліктер бойынша жүргізілген:

1. Бос жұмыс орны болған жағдайда, ол туралы Электрондық еңбек биржасы «enbek.kz» арнайы сайтына «Бос лауазым» туралы және оған сәйкес барлық ақпарат көрсетілген хабарлама жарияланады;
2. Бос лауазымға біліктілік талаптарына сәйкес келетін үміткерлер перзентхананың мамандар бөліміне келіп конкурстық іріктеуге қатысу туралы тілек білдіреді, сұратылған қажетті құжаттар тізбесін тапсырады.
3. Бос лауазымға өтініш білдірген үміткерлермен перзентхананың ішкі бүйрығымен құрылған комиссия құрамы мүшелерімен әңгімелесу жүргізіледі;
4. Бос лауазымға жұмысқа қабылданған үміткерге жұмысқа қабылдану бүйрығы шығарылады.

Ішкі талдау барысында Перзентханада персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы бағыттары бойынша сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2.Мемлекеттік сатып алу бағыты бойынша:

Зерделеу бойынша 01.06.2023 – 31.03.2024 жыл аралығында мемлекеттік сатып алу порталында Перзентханамен 118 келісім шарт жасалған, оның ішінде:

- 74 келісім шарт баға ұсыныстарын сұрау бойынша;
- 5 келісім шарт ашық конкурс бойынша;
- 29 келісім шарт өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілі бойынша;
- 10 келісім шарт бір көзден тікелей келісім шарт жасау бойынша жасалғаны анықталды.

Мемлекеттік сатып алу бойынша рәсімнің барлық әдістері (конкурстық құжаттама, мемлекеттік сатып алуды іске асыру туралы жарнама, қатысуга өтінімдерді ашу, мемлекеттік сатып алу нәтижелері туралы хаттамалар) Қазақстан Республикасының бірыңғай мемлекеттік сатып алу веб-порталында ашық жүргізіледі. Тұтастай алғанда, сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің саны мен көлемі олардың нақты қажеттілігіне сәйкес келеді. Тауар бірлігі бағасының негізсіз болу және тауарлардың жоспарланған құнының нарықтық құнына сәйкес келмеу фактілері анықталған жоқ. Талдау барысында «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР қолданыстағы Заңын бұзу және Мемлекеттік

сатып алу рәсімін өткізу кезінде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ. Ішкі талдау барысында Перзентханада мемлекеттік сатып алу бағыты бойынша сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

3. Зертхана

Перзентхана зертханасында 15 қызметкер жұмыс атқарады. Оның ішінде лаборант 8 қызметкер. Зертханалық медициналық жабдықтардың болуы 7 бірлікті құрайды. Зертханада 2023 жылы 423 611 зертханалық талдаулар жүргізілген.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелі:

- *Химиялық реагенттерді тұтынуда бақылаудың жеткіліксіздігі.*
- *Химиялық реагенттерді есептен шыгару процесстерін автоматтандырудың болмауы.*
- *Іс жүзінде медициналық мекемелер жеке клиникаларга артықшылық берे отырып, бірлескен қызмет үшін зертханаларды дербес таңдайды.*

Ұсыныс:

- Зертхананың реагенттердің шығыс кітабымен КМИС (орындалған сынақтар) бойынша өнделген жағдайлар туралы мәліметтерді ай сайын салыстыруды жүргізуге жауапты қызметкерді тағайындау.
- Реагенттер мен басқа да химиялық заттарды есептен шыгару процестерін автоматтандыру мақсатында КМИС ақпараттық жүйесінде зертханаға арналған бөлімді қосу.
- (goszakup.gov.kz) веб-шорталы арқылы мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес медициналық қызметтерді бірлесіп орындауға шарттар жасасу.

4. Мүдделер қақтығысы

Перзентхана қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында мүдделер қақтығысы (мемлекеттік қызметшінің жеке мүдделері өзінің лауазымдық өкілеттіктерін орындауына немесе тиісінше орындауына әкеп соғуы мүмкін мемлекеттік қызметшінің жеке мүдделері мен оның лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық) анықталған жоқ.

5. Рұқсат беру және бақылау функцияларын асыру.

Перзентханада рұқсат беру және бақылау функцияларын асыру карастырылмаган.

6. Жеке және занды тұлғалардың өтініштері

Ішкі талдау қамтылған кезеңде перзентхананың E-otinish платформасында 12 өтініш тіркелген. Сондай-ақ, Қалалық перзентханага келіп түскен өтініштерге жауаптарды талдай отырып, жұмыс тобы барлық өтініштерге тиісті жауаптар бар екенін анықтады. Жұмыс тобы ұсынылған жауаптарды зерттеді. Келіп түскен өтініштер мен шагымдарды қарау бойынша жұмыс әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне нақты сәйкес жүргізілгені анықталды. Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық бойынша шағымдар түспеген. Жұмыс тобы әлеуметтік желілер мен

интернет желісіне мониторинг жүргізу барсында сыйбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықтар анықталған жоқ.

Қорытындылар мен ұсынымдар

Перзентханада анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері:

- Химиялық реагенттердің тұтынуда бақылаудың жеткіліксіздігі.
- Химиялық реагенттердің есептен шыгару процесстерін автоматтандырудың болмауы.
- Іс жүзіндегі медициналық мекемелер жеке клиникаларга артықшылық береде отырып, бірлескен қызметтің үшін зертханаларды дербес таңдайды.

Ұсыныс:

- Зертхананың реагенттердің шығыс кітабымен КМИС (орындалған сынақтар) бойынша өндөлген жағдайлар туралы мәліметтердің ай сайын салыстыруды жүргізуге жауапты қызметкерді тағайындау.
- Реагенттер мен басқа да химиялық заттарды есептен шыгару процесстерін автоматтандыру мақсатында КМИС ақпараттық жүйесінде зертханаға арналған бөлімді қосу.
- (goszakup.gov.kz) веб-шорталы арқылы мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес медициналық қызметтердің бірлесіп орындауға шарттар жасасу.

Қызметкерлердің сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасау жағдайлары анықталған жоқ.


Медициналық көмек көрсету рәсімдері мен практикасын регламенттеу, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті енгізу, адами ресурстарды басқару мен пациенттерді қолдаудың, қаржы-экономикалық қызметтің тұтастай тиімді жүйелерінің болуы, сондай-ақ шарттар (келісімшарттар) жасасудың ашық рәсімі кәсіпорынға жарғылық қызмет міндеттерін орындау кезінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін қысқартуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңын, ҚР Қылмыстық кодексін, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін талқылау және ұжым қызметкерлері алдында түсіндіру жұмыстарын одан әрі белсенді жүргізуі жалғастыруды;

Ұжым қызметкелері арасында сыйбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын-алу мәселесін үнемі талқылап отыруды.


Жұмыс тобының жетекшісі:

Ә.Зұлпықаров -



Жұмыс тобының мүшелері:

Д.Тюребаева -



Ж.Рахымбердіқызы –

К.Қозыбаев –

Г.Туганбаева –

Бас дәрігердің у.м.а.:

П.Амирова

